

PHILIPS

Сымсыз динамик

S4405



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына бетте өніміңізді тіркеңіз және қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды	2
	Қауіпсіздік	2
2	Сымсыз динамигіңіз	3
	Кіріспе	3
	Қорапта не бар	3
	Шолу	3
3	Жұмысты бастау	4
	Кірістірілген батареяны зарядтау	4
	Микрофон батареяларын орнату	4
	micro-SD картасын орнату	5
4	Қуатты қосу/өшіру	5
5	Bluetooth құрылғыларын пайдалану	6
6	Micro-SD картасы режимі	7
7	Дыбысты аудио көзімен араластыру	7
	Жазу	7
8	Өнім туралы ақпарат	8
9	Ескерту	8
	Талаптарға сәйкестік	8
	Қоршаған ортаны күту	8
	FCC мәлімдемесі	9
	Сауда белгісі туралы ескерту	9

1 Маңызды

Қауіпсіздік



Ескерту

- Бұл өнімнің корпусын ешқашан ашпаңыз.
- Бұл өнімнің ешбір бөлігін ешқашан майламаңыз.
- Бұл өнімді басқа электр жабдыққа ешқашан қоймаңыз.
- Бұл өнімді тік күн жарығынан, ашық оттан немесе жылудан аулақ ұстаңыз.

- Осы нұсқауларды оқып шығып, орындаңыз
- Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті кеңістік бар екенін тексеріңіз.
- Бүкіл қызмет көрсетуді білікті қызмет көрсету мамандарына тапсырыңыз. Қызмет көрсету өнім кез келген түрде зақымдалса қажет болады, мысалы, қуатпен қамту сымы немесе аша зақымдалса, өнімге сұйықтық төгілсе немесе заттар құласа, өнімге жаңбыр немесе ылғал әсер етсе, тиісті түрде жұмыс істемесе немесе түсіріп алынса.
- Тек өндіруші көрсеткен саптамаларды/қосалқы құралдарды пайдаланыңыз.
- Тек осы пайдаланушы нұсқаулығында тізілген қуат көздерін пайдаланыңыз.
- Найзағайлар кезінде немесе ұзақ уақыт кезеңдері бойы пайдаланылмаса, осы өнімді розеткадан ажыратыңыз.
- Бұл өнімге тамшылардың немесе шашырандылардың әсерін тигізбеу керек.
- Өнімге ешбір қауіп көздерін қоймаңыз (мысалы, сұйықтық толтырылған заттарды, жанып тұрған майшамдарды).
- Тікелей қосылатын адаптердің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылса, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын күйде болуы керек.
- Бұл өнімді судың жанында пайдаланбаңыз.
- Өндірушінің нұсқауларына сай орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылыту регистрлері, плиталар сияқты ешбір жылу көздерінің немесе жылу тудыратын басқа құрылғының (соның ішінде зорайтқыштардың) жанында орнатпаңыз.

2 Сымсыз динамигіңіз

Сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың толық артықшылығын пайдалану үшін өніміңізді www.philips.com/welcome бетінде тіркеңіз.

Кіріспе


Бұл динамик және микрофон беретін мүмкіндіктер:

- Bluetooth құрылғысынан аудионы тыңдау,
- micro-SD картасынан аудионы тыңдау,
- micro-SD картасына бір түртумен жазу.


Қорапта не бар

Орауыштың құрамын тексеріңіз және анықтаңыз:

- Сымсыз динамик
- Сымсыз микрофон
- USB кабелі
- Қысқаша бастау нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы



Шолу



- ① • Қуатты қосу немесе өшіру үшін 2 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.
- ② • Сымсыз микрофоннан да, динамиктен де аудионы жазуды бастау немесе тоқтату үшін басыңыз.
- ③ • Bluetooth немесе micro-SD картасы көзін таңдау үшін басыңыз.
- ④ • Дыбыс деңгейін реттеу үшін басыңыз.
- ⑤ • Ойнату немесе кідірту үшін басыңыз.
• Келесі трекке өту үшін екі рет басыңыз.
- ⑥ **Micro-USB зарядтау порты**
- ⑦ **Micro-SD картасы слоты**
- ⑧ **Батарея бөлімінің қақпағы**
- ⑨ **Микрофонның қуат ауыстырып-қосқышы**

3 Жұмысты бастау


Бұл тараудағы нұсқауларды әрқашан ретпен орындаңыз.

Кірістірілген батареяны зарядтау

Динамикке кірістірілген қайта зарядталатын батарея қуат береді.

Ескертпе

- Пайдалану алдында кірістірілген батареяны толығымен зарядтаңыз.




Динамиктегі micro-USB ұяшығы және компьютердегі немесе зарядтағыштағы USB ұяшығы арасында USB кабелін қосыңыз.

ЖШД индикаторы (қуат)

Жыпылықтайтын қызыл түс	Қуат өшірулі кезде зарядталуда
Тұрақты қызыл түс	Қуат өшірулі кезде толығымен зарядталған
Кезекпен жыпылықтайтын қызыл/жасыл	Қуат қосулы кезде зарядталуда
Тұрақты жасыл	Қуат қосулы кезде толығымен зарядталған



Микрофон батареяларын орнату

- 1 Батарея бөлімінің қақпағын ашыңыз.
- 2 2 AAA сілтілі батареяны (қамтамасыз етілмеген) дұрыс полюспен орнатыңыз.
- 3 Батарея бөлімінің қақпағын жабыңыз.




micro-SD картасын орнату

- 1 Карта слотының қақпағын ашыңыз.
- 2 micro-SD картасын (қамтамасыз етілмеген) істік жағын төмен қаратып «шырт» еткен дыбысты естігенше салыңыз. Содан кейін карта слотының қақпағын жабыңыз.




4 Қуатты қосу/өшіру

- 1 Динамиктің  қуатын қосу немесе өшіру үшін 2 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.



- 2 Микрофон қуатын қосу үшін қуат ауыстырып-қосқышын жоғары қарай сырғытыңыз. 5 м-ге дейін сымсыз ауқым




5 Bluetooth құрылғыларын пайдалану

Бұл динамик арқылы Bluetooth құрылғысынан аудионы тыңдай аласыз.


Ескертпе

- Құрылғыңызда Bluetooth функциясы қосылы екенін тексеріңіз.
- Кедергілерді тудыруы мүмкін кез келген басқа электрондық құрылғыдан аулақ ұстаңыз.

- 1 Bluetooth жұптастыру  режиміне кіру үшін 2 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.



- 2 Құрылғыңызда Bluetooth құрылғылары тізімінде «**Philips S4405**» құрылғысын таңдаңыз.
- ↳ Хабарда Bluetooth байланысына рұқсат сұралса, оны растаңыз.
 - ↳ Құпиясөз талап етілсе, 0000 санын енгізіп, содан кейін растаңыз.
 - ↳ Сәтті қосылғанда, динамик дыбыстық сигнал шығарады.



ЖШД индикаторы (Bluetooth)

Жыпылықтайтын көк түс	Bluetooth жұптастыру
Тұрақты көк түс	Bluetooth қосылған


Ескертпе

- Ажырату үшін құрылғыңызда осы өніммен Bluetooth байланысын өшіріңіз немесе  micro-SD картасы режиміне ауысу үшін қайтадан басыңыз.

6 Micro-SD картасы режимі

Сіз аудио файлдарын сақтайтын micro-SD картасынан аудионы тыңдай аласыз.

micro-SD көзін  таңдау үшін қайта-қайта басыңыз. micro-SD картасын авто ойнату үшін Bluetooth ЖШД индикаторы өшіріледі.



7 Дыбысты аудио көзімен араластыру



Ескертпе

- Микрофон реакциясын болдырмау үшін микрофонды динамикке тікелей бағыттамаңыз.

Сымсыз микрофонды пайдалана отырып, дыбысты аудио көзімен араластыруға болады.


Жазу

Bluetooth режимінде, жазуды  бастау немесе тоқтату үшін басыңыз.

ЖШД индикаторы (REC)

Жыпылықтайтын Қате (micro-SD картасы қызыл түс салынбаған немесе карта толы)

Тұрақты қызыл Жазуда түс



8 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Жалпы ақпарат

Қуат көзі:	5 В = 1,5 А
Үндеткіш басы	1,5 дюйм
Зарядтау уақыты (үндеткіш)	2,5 сағат
Ойнату уақыты	6 сағат
Кірістірілген литий батарея (үндеткіш)	3,7 В, 1500 мАс
Өлшемдері (үндеткіш)	105 x 105 x 38 мм
Салмағы (үндеткіш)	250 г

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V4.2
Bluetooth ауқымы	10 м/32,1 фут

9 Ескерту

MMD Hong Kong Holding Limited ашық түрде бекітпеген, осы құрылғыға енгізілген **кез келген өзгертулер немесе модификациялар** пайдаланушының өнімді пайдалану құқығын жоюы мүмкін.

Талаптарға сәйкестік



Осымен, **MMD Hong Kong Holding Limited** компаниясы бұл өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа қатысты шарттарына сай екенін жариялайды. Сәйкестік туралы декларацияны [www.philips.com/support](http://www.philips.com/supportбетінде) бетінде табуға болады.

Қоршаған ортаны күту

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа лақтыру



Өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен құрамдастарды пайдаланып жобаланған және өндірілген.



Өнімдегі бұл таңба өнімді 2012/19/EU еуропалық директивасы қамтитынын білдіреді.




Бұл таңба өнім 2013/56/EU еуропалық директивасы қамтитын, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтыруға болмайтын батареяларды қамтитынын білдіреді.

Жергілікті электр және электрондық өнімдер мен батареяларды бөлек жинау жүйесі туралы ақпарат алыңыз. Жергілікті ережелерді

сақтаңыз және өнім мен батареяларды қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге ешқашан қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Бір рет пайдалануға арналған батареяларды алу

Бір рет пайдалануға арналған батареяларды алу үшін батареяны орнату бөлімін қараңыз.



Тек анықтама беруге арналған

Қоршаған орта туралы ақпарат

Бүкіл қажет емес орауыш материалдары пайдаланылмады. Біз орауышты үш материалға бөлуді оңай етуге тырыстық: картон (қорап), полистирен көбігі (буфер) және полиэтилен (пакеттер, қорғағыш көбікті парақ).

Жүйеңіз арнайы компания бөлшекте, қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдарды, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа лақтыруға қатысты жергілікті ережелерді сақтаңыз.

FCC мәлімдемесі

Бұл құрылғы FCC ережелерінің 15-бөлігінің талаптарына сай. Пайдалануға келесі екі шарт қолданылады: (1) Бұл құрылғы зиянды кедергілерді тудырмауы керек және (2) Бұл құрылғы қабылданған кез келген кедергілерді, соның ішінде қалаусыз жұмысты тудыруы мүмкін кедергілерді қабылдауы керек.

Ескерту: Талаптарға сәйкестікке жауапты тарап

ашық түрде бекітпеген өзгертулер немесе модификациялар пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығын жоюы мүмкін.

Ескертпе: Бұл жабдық сыналып, оның FCC ережелерінің 15-бөлігіне сай В сыныпты цифрлық құрылғы лимиттеріне сай екені анықталды.

Бұл лимиттер тұратын жерде орнатқанда зиянды кедергілерден тиісті қорғауды қамтамасыз етуге арналған.

Бұл жабдық радио жиілікті энергияны тудырады, пайдаланады және шығарады әрі нұсқауларға сай орнатылмаса және пайдаланылмаса, радио байланысқа зиянды кедергілерді тудыруы мүмкін. Дегенмен, нақты орнату жағдайында кедергілер орын алмайтынына кепілдік жоқ. Бұл жабдық радио немесе теледидар сигналдарын қабылдауға зиянды кедергілерді тудырса (мұны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болады), пайдаланушыға кедергілерді келесі шаралардың біреуі немесе бірнешеуі арқылы түзетіп көру ұсынылады: (1) Қабылдаушы антеннаның бағытын немесе орнын өзгерту. (2) Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру. (3) Жабдықты қабылдағыш қосылғаннан абсқа розеткаға қосу. (4) Көмек алу үшін дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар технигіне хабарласу.

Радио жиіліктер туралы ескерту мәлімдемесі

Бұл құрылғы бағаланып, радио жиіліктердің әсеріне қойылатын жалпы талаптарға сай екені анықталды. Бұл құрылғыны портативті әсер жағдайларында шектеусіз пайдалануға болады.

Сауда белгісі туралы ескерту



Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc. иелік ететін тіркелген сауда белгілері болып табылады және **MMD Hong Kong Holding Limited** компаниясы оларды лицензия бойынша пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары тиісті иелерінікі болып табылады.



Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Philips және Philips қалқан эмблемасы Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның серіктес компанияларының біреуі өндірген және оның жауапкершілігімен сатылады әрі MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілдік беруші болып табылады.

